



№ 8 (1358)
27 қараша
2007 жыл

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ҚазҰУ - дың СУПЕРСТУДЕНТІ КІМ?..



Елбасы Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Ең лайықты деген жастардың шетелдерде білім алуларына жәрдем жасаймыз, – деген болатын. Сонымен қатар, «Жыл сайын үш мың үздік студентке «Болашақ» бағдарламасының шеңберінде әлемнің ілгері жоғары оқу орындарында білім алулары үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінетін болады» деп жастарға, оның ішінде студенттерге үлкен сенім артқаны белгілі. Мұндай мәртебеге тек студенттің студенті, ең үздігі ғана қол жеткізе алмақ. Осы мақсатта, студенттердің біліктілік әлеуеттілігін арттыру мен қиялы қанаттарын шыңдау шеңберінде ҚазҰУ мерейлі шараларды жүзеге асырумен келеді. Мәселен, студенттердің білімге құштарлығын ұштау мақсатында қара шаңырағымызда «Суперстудент» байқауы төртінші рет ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті.

Қарашаның 19-21 аралығында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Студенттер сенаты және Сұңқар студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін Суперстудент интеллектуалдық байқауы тағы да тартысты өтті. Алғашқысында 13 факультеттің бетке ұстар, «намысты қолдан бермесіпін» деп, қаймана қазақтың бойына сіңген қайсарлығын танытып, оқ бойы оза шабар студенттері бақ сынасты. 13 факультеттен іріктелген, «от ауызды, орақ тілді» алыспай-

беріспес талантты жастардан 6 студент финалға жолдама алды. Олар физика факультетінен Айдос Исадықов, халықаралық қатынастар факультетінен Қаракөз Жұмабекова, география факультетінен Абзал Баубеков, химия факультетінен Зарина Ғабдулахитова, филология факультетінен Ертай Сұлтан және биология факультетінің студенті Абзал Нұрақын сынды білімнің тұнығынан қанып ішкен жас таланттар.

Жалғасы 3-бетте

Шәкіртақы ҚазҰУ студенттерінің қанжығасында

Газетіміздің өткен сандарында университетіміздің Оңтүстік Корейлік ПОСКО (POSKO) компаниясымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойғаны жөнінде хабарлаған болатынбыз. Соның нәтижесінде биылғы жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үздік 25 студентіне жылдық қоры 500 АҚШ доллары, жалпы көлемі 30 мың АҚШ долларын құрайтын Т.Дж. Пак қорының шәкіртақысы тағайындалған еді. Осыған орай қараша айында қордың атқарушы вице-президенті Чой Кванг Унг (Kwang-Woong Choi), бағдарлама директоры Сунг Нак Юн (Nak-Yun Sung) және бағдарлама менеджері Бэ Хе Сон (Hyo-Seop Bae) ҚазҰУ-дың Ғылыми Кеңесінің мәжіліс залында студенттерге стипендияны салтанатты түрде табыс етті.

Аталған қор әлемдегі ең ірі, алғашқы бестіктен орын тепкен металлургиялық және болатты прокаттау концерні Оңтүстік Корейлік ПОСКО (POSKO) компаниясының негізін қалаушы Т.Дж. Пактың құрметіне құрылған. Қор осымен екінші жыл америкалық бағдарлама бойынша Кореяның жетек-

ші оқу орны – Енисей университетінде магистратурада ағылшын тілінде білім алуға грант бөліп келеді. Сонымен қатар, өз елі мен шетелдерде ғылым, мәдениет пен білім беруді қолдауға арналған әр түрлі бағдарламаларға демеушілік көрсетуде. Осыған орай, 2006 жылдан бастап Азия елдерінің үздік студенттеріне ар-

налған шәкіртақы бағдарламасын жасаған болатын. Аталған бағдарламаға сәйкес, қор тағайындаған алғашқы шәкіртақы иелері болып, қасиетті қара шаңырағымыздың студенттері танылып отыр. Әлемдік ірі қордың бұл марапаты «Білімдінің күні жарық» дегенді тағы бір рет дәлелдегендей.

Санда:

БҮГІНГІ



«(Т)ОЙДАН»
ТҮЙГЕН
ОЙ

3-бет

«Заман
БІЗДІКІ»



6-бет

17- қараша
халықаралық
студенттер күні



7-бет

«Казахстан-Германия» 2007 — новое поколение менеджеров для экономики Казахстана

В среду, 21 ноября, в Казахском Национальном университете им. аль-Фараби состоялось торжественное вручение сертификатов международной казахстанско-германской программы повышения квалификации руководящих работников и менеджеров в сфере бизнеса. Данный проект вручает сертификаты своим слушателям уже третий год. В течение пяти месяцев у молодых перспективных людей был шанс повысить свои языковые, управленческие и профессиональные качества.

С поздравительными словами к слушателям проекта, гостям и преподавателям обратился первый проректор КазНУ им.аль-Фараби, руководитель проекта Зулхаир Аймухаметович Мансуров. Зулхаир Аймухаметович отметил, что проект «Казахстан-Германия» — это уникальная образовательная программа как по масштабу, — т.е. по количеству одновременно обучающихся слушателей (а это свыше 120 слушателей), так и по продолжительности срока обучения (5 месяцев). Первый проректор пожелал всем слушателям успеха в работе, отметив, что лучшие студенты, окончившие образовательный курс, поедут на стажировку в Гер-



манию в качестве менеджеров.

Координатор проекта, доцент Нуржан Шариповна Альжанова поздравила слушателей с окончанием курсов и вручением сертификатов, пожелала всем удачи успехов в карьере, жизни и работе. Отметив, что семинаристы курсов «Казахстан-Германия» после их прохождения выходят на новый качественный уровень компетенции и знаний в области реализации бизнес-проектов в секторе малого и среднего бизнеса. Также, одним из немаловажных факторов успеха курсов является, по словам Нуржан Шариповны, наличие среди всех участников высокого настроения на достижение результата и духа взаимовыручки, именуемых в бизнесе не иначе как «высокоразвитая корпоративная культура». Нуржан Шариповна вспомнила теплым сло-

вом самих участников — какими они были в начале курсов и какие проекты представлял по их окончанию, а также какими профессиональными и личностными компетенциями и знаниями смогли обзавестись по мере прохождения курсов «КазГер».

Кроме того, на вручение сертификатов были приглашены представитель астининского учебного центра Жаналхан Смакановна Карагуланова, доктор Штефан Зиверт (Германия). Гости также поделились своими поздравлениями и впечатлениями о проекте.

Приятные слова благодарности были сказаны и самими слушателями. Дух дружелюбия и единства под одной крышей «КазГер» не покидал ребят до конца.

Соб. корр

22-23 қарашада Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Отан және әлем тарихы ХХІ ғасырда: ғылыми парадигмалардың ортақтығы мен ерекшеліктері» тақырыбында дәстүрлі халықаралық «Бекмаханов оқулары» өтті. 1993 жылдан бастау алған бұл игі шара биыл да тарихи танымның іргелі мәселелерін шешуді қажет ететін күрделі ізденістерді талқыға салды.

Дәстүрлі халықаралық «Бекмаханов оқулары» мәреге жетті

Осы орайда тәуелсіз Қазақстан тұсында тарихи-мәдени мұраларды сақтау ісімен қатар, оны жан-жақты насихаттау жұмыстарының қолға алына бастағаны белгілі. Сонымен қатар қазақ халқының өзге халықтармен этномәдени байланыстарын ашу бүгінгі тарих ғылымының әлеуметтік ғылым ретіндегі міндеті болса керек. Осындай өзекті мәселелерді қамтыған «Бекмаханов оқулары» төрт секция бойынша жұмыс істеді. Пленарлық мәжілісте жасалған Ж.Қ.Таймағамбетовтың «Қазақстан ежелгі өркениет орталығы: жаңа археологиялық ашылулар негізінде», Т.О.Омарбековтың «Сақтар және үйсін-

дер: методологиялық мәселелері жөнінде», Қ.Т. Жұмағұловтың «Ғұн билеушісі Атилла: ХХІ ғасыр тұрғысынан көзқарас», Қ.С. Қаражанның «Қазан революциясының Қазақстан тарихындағы ақтандақтары» атты баяндамалары отандық тарихтың өзекті тақырыптарын ортаға салды. Конференцияға Германия, Ресей және Өзбекстан, Қырғызстан тарихшылары қатысты. Оның ішінде Германияның Тюбенген университеті тарих факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор М.Майер баяндама жасады.

Өз тілшіміз



30 жылда орда бұзған таланттар

17 қараша күні осыдан тура 30 жыл бұрынғы студенттік қызығы мол жылдарын бүгінгі ҚазҰУ қалашығында өткерген, журналистика факультеті түлектерінің кездесуі болып өтті. Таңмен таласып, өмір жолдарының қызығы мен шыжығын бірге бөлістірер журналистік мамандық әрқайсысын әр тарапқа нық байлапты.

30 жыл бұрынғы жас жігіттер мен қыздар нағыз таланттың тарландарына айналған. Атап айтар болсақ, олар бүгінде белгілі де танымал журналистер, ақын-жазушылар Н.Иманғалиұлы, Ж.Сақиев, Б.Мәжитұлы, Ж.Аязбеков, Т.Айтбеков, Қ.Қонысбай, Ж.Баһадүр, Ү.Есдаулет, С.Есмырзаев, О.Жолдыбаев, Б.Шоланов, Қ.Түменбай, С.Есмырзаев т.б ел мақтанышына айналған топ екендерін дәлелдеді. Көрермен жүрегіне бай-қуатты сөздерімен жолташқан Нүртілеу Иманғалиұлы кешті әсерлі жүргізе білумен ерекшеленді. Кеш барысында белгілі ұстаз, фантаст-

жазушы осы топтың кезіндегі кураторы Абдул-Хамит Мархабаев, факультет деканы Бауыржан Жақып өз ілтипаттарын білдірді.

Жылдар ағымында өмірге кімдер келіп, кімдер кетпеді. Өмірден өткен Жәнібек Кәрменов пен Төрегелді Байтасов секілді атпал азаматтарды замандас достары сағынышпен еске алды. Кеш соңында, факультетте шәкірт тәрбиелеп, ел болашағына еңбек сіңіріп жүрген ұстаздарға естелік сыйлықтарын тапсырған түлектер, кейінгі толқын студенттерге үлкен әсер қалдыра білді.

Өз тілшіміз

16 ноября в общежитии №1 прошел вечер, посвященный Абаю Кунанбаеву. Красиво украшенный актовый зал, поразил присутствующих разнообразием плакатов с красивыми стихами. Программа приятно удивила зрителей вечера своей неоднородностью номеров, красноречием ведущих, поразительной проникновенностью душ читающих к стихам, сладкими голосами поющих.

полюбившиеся песню, такие как «Көзімнің қарасы» и «Айттым сәлем, Қаламқас». Зрители с упоением слушали песни в исполнение девушек, у которых, надо заметить просто прекрасные голоса. Каждый ребе-

Вечер, посвященный Абаю Кунанбаеву

Вечер начался с приветствия добродушных ведущих Алишера и Риммы. Стояла обстановка уютного и дружного семейства. Поэтому все чувствовали себя комфортно. Конечно, людей было много. Но теснота не была большим препятствием для наслаждения просмотром выступлений. Присутствовали костюмированные персонажи.

Читали стихи не только на родном языке Абая, но и на русском, и английском. Но одно было понятно всем, каким бы не был перевод, красоты поэзии останутся всегда. Так же поразили точностью игры на домбре. Арай и Еркебулан играли проникновенно и душевно произведения казахских композиторов. Ведь это сыграло немаловажную роль в проведении

вечера. Их игра была превосходной.

После каждого стихотворения задавались аудитории вопросы, соответственно каждый мог заработать определенное количество баллов и выиграть приз. Присутствовал своего рода азарт в соревновании на приз. Так же в самом начале зрителям представилась возможность узреть сцену из жизни Абая, описана в книге М.А.Уэзова «Путь Абая» (том 2), и называлась «Возвращения Абая домой». Прелестно сыгран роль Абая. Оптимистично и чувственно была поставлена сцена. Девушки в национальных платьях играли сцену, как будто это происходит в наше время. Так же прозвучали в актовом зале нежные песни, сочиненные Абаем. Сладко-голосые девушки красавицы нашего факультета, спели всем

ноку с пеленок слышал эти песни. Потому что они стали уже достоянием казахского народа.

В конце всем выступающим выдали похвальные грамоты за участие в вечере.

В завершении хочу сказать, огромное спасибо участникам и, конечно, организаторам вечера. Хочу отметить, что вечер прошел очень хорошо. Такой вечер был очень познавателен для нас. Ведь понимая наставления Абая, мы можем изменить свою жизнь в лучшую сторону.

Всю жизнь Абая старался все делать для своего народа. Нытался помочь преобразовать некоторые положения в казахском народе, то впоследствии оказалось для него почти невозможным. Но он никогда не отчаивался и продолжал борьбу. Такой должны мы брать пример от Абая.

Саурбек ЗАРИНА

Іргелі білім ордасы ҚазҰУ өнері өрге жүзген ізденушілерден кенде емес. Сол жастармен қасиетті жұмада Студенттер сарайында өнерсүйер қауым қайта қауышты. Көрермендер лық толған залда ине шаншар жер жоқ. Жиналғандар – осыдан бір жыл бұрын ғана құрылса да танымал болып үлгерген «Біз» студенттер театрының «(Т)ойына» келгендер.

«(Т)ОЙДАН» ТҮЙГЕН ОЙ



«Той десе қу бас домалайды». Бақытқа бөленген екі жастың қуанышына алыстан арбалап, жақыннан дорбалап жететіміз тағы бар. «Бай мен бай құда болса арасында жорға жүреді, кедей мен кедей құда болса арасында дорба жүреді, бай мен кедей құда болса арасы зорға жүреді» деген нақылдың өзінен-ақ шындықтың шыр-мауын ширатуымызға болады.

«Ұл өссе ұлықтымен, қыз өссе қылықтымен ауылдас» болған халықтың. «Ұлым – тынысым, қызым – өрісім» деген елміз. Ендеше, әр күнін той қылып өткізген қазақ ұрпағы отау құрса қалай аянып қалсын. Әйтсе де тәрбие талапайға түсіп, ақылдың азған, ақылсыздың тозған заманында тойдың қадірін кетіріп жүрген жоқпыз ба? Қымыз орнына ішімдіктің

қызылын, ег орнына торт әкелер халге жеттік. Тойды қуаныш емес, жиналысқа айналдырдық. Осыдан ұғарымыз бен ұтарымыз кәне?

ҚазҰУ-дағы «Біз» театры ұсынған «(Т)ой» осы ойларға жетеледі.

Тәрде отырған қос аққу, бәйек болған ана, ағынан жарылған асаба...Бері өмірдегідей. Торқалы той, жиналған қонақ. Ал бетпердесін сыпырып алып, үніле қарасаңыз... Жар қасиетін түсінбес қалыңдық, ана қадірін білмеген ұл, жар дегенде жалғыз теріс айналған күңіренген ана. Ұлбіреген ақ келінің арманы – отағасын айдағанына жүріп, айтқанына көндіру. Аяулы жар, ардақты ана, сыйлы келін болу дегенді жусанның ісін иіскемей өскен қала қызы қайдан білсін? Бәлкім

мәселе қалада емес шығар? Қызына «Кесір емес, келін бол!» деп тәрбие бермеген ата-анада болар. Ал бұл қателік – өзге ананың қасіреті. Иә, «Ананың ойы балада, баланың ойы

далада» дегендей Жарастың ойы Ақтоты кеткен қалада. Сонда ананың ақ сүті ұлдың таңдайында қалмағаны ма, аяулы жүзі жадында болмағаны ма? Иә, ана! КЕЛІН – КЕЛСАП, ҰЛ ҰМЫТШАҚ БОЛДЫ. Сенің қадірінді ана жылуын көрмеген асаба жігіт қана түсінді.

Қазақтың «Қарғайын десем жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым» дегені осы екен-ау? Екі көзі төрт болып ана қалды. Екі аяқтан айрылып бала жатты. Сол кезде ғана санасына сәуле түсті. Жүрегінде сәби сезім оянды. Бірақ, оған «Мама!» деп тек жаңғырық жауап берді.

«Біз» театрының «(Т)ой» қойылымы қазақ қоғамындағы келеңсіз тұстарды өшкереледі. Ананы, ананы, тағы да ананы құрметтеуге шақырды. «(Т)ойдан» түйген ой осы.

Қойылым соңында шынайы өмірлік оқиғаларға құрылған сюжеттің идеялық және әдеби жетекшісі профессор Намазалы Омашев: «Жастардың дәстүрімізді санасында тоқып, салтымызды саралап жеткізе білуі, өмірдің ақ пен қарасын айыруы көңілге көрік ұялатады. «(Т)ойдың» дүниеге келуіне аянбай еңбек еткен, ұйымдастырып басы-қасында жүрген театр режиссері Ғалымжан Сайлаубеков екенін атап кеткім келеді» деп ризашылығын жеткізді. Біз де «Біз» театрының ұжымына «(Т)ой» тойға ұлассын демекпіз!

«Қазақ университеті»



■ Кабилеттілік

ҚазҰУ-дың СУПЕРСТУДЕНТІ КІМ?..

Басы 1-бетте

Ақтық сынның шарты бойынша жарысқа қатысушылар «Үш казак» және «Логос» деген атпен екі топқа бөлінді.

Бірінші тур – «Беташар» сайысында «Логос тобы» «Білімсіз адамның күні қараң, білім-өмір мереке» деп өз жолдарының берік құлып екенін, оны білімнің ақ кілтімен ашар сәтін тамаша көрсете білді.

Екінші тур – «Брейн-ринг» сайысында, конкурсанттар ой-өрістерінің кеңдігін сұрақ-жауап кезінде дәлелдеді.

Үшінші тур – «Қай сөз нені білдіреді?». Бұл жерде талапты жастың талантын таныр шешуші сәттер екенін аңғарамыз. «Соңғы түйенің жүгі ауыр» демекші, ақырғы су-

перфиналға да табан тіредік. Төрт сайыскер бәсекеге түскен бұл бөлімде суперстуденттің анықталатын сәті. Шешуші сын сағаттар таяған сайын «факультетім» деп шыққан, намысты қолдан бермес өрендер бойынан кобалжуды да байқадық.

Суперфиналға іріктелген 4 студент суырылып алға шықты. Ақырғы тур – «Супермонолог». Нағыз жүйріктің жолын таныр сәт осы болса керек. ҚазҰУ-дың ұлы көшін бастаған осынау жастарынан күнды ой күтіп біз тұрмыз. Әр қатысушы атакты кейіпкерлер бейнесіне еніп, жүйелі сөздің жібін ағыта жөнелді. Абзал Баубеков «Қайырымды қала жастары» монологында, «Жастар дегенде тебіренбейтін

сезім, селт етпейтін жан болмайды. Біз болашақтың бағдары, арқа сүйер ақылшысы боламыз» деген ой тастады. Аристотель кейпінде сөз алған Ертай Сұлтан: «Тынышталыңыздар, тыныштық... Бар әлемнің тірегі жастар, елдеріңіздің тізгінін алға тартар азамат мен боламын. Бір өкініш бар. Менің мамандығымды ойнайтын студент жоқ» деп өнерінің өзегі кең екендігін, өршілдіктің өрінде талас тудырмас талантын жұрт алдында паш етті. Үшінші болып шыққан Қаракөз Жұмабекова ланалықтың дарасы Абай атамның тұлғасында: «Жаһандану заманындағы ұлттық бет-бейнеміздің өзгермеу керектігін, салт-дәстүрді сақтаған ұрпақ екенімізді ұмытпайық», дей келе:

«Есіңде бар ма жас күнің?!
Тәуелсіз ел жастары,
Мен сендерге сенемін», – деген

ұранды ойымен монологына нүкте қойды.

Ал Зарина Ғабдулахитова болса, Әл-Фараби тұлғасында: «2009 жыл Қазақстан бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында дей отырып, ХХІ ғасыр жастары осы уақытқа дейін мәдениетін, танымын жеткізіп, ел экономикасының лакомативі – құрылыс екенін таныды. Алдағы жылда Қазақстан жастарынан мол үміт күтеміз» деп, сырт көзге үлкен ой тастады.

Міне, ойы орамды замандастарымыздың бойынан жасымас жігерлік пен өршіл рухтың рақымын көрдік. Қатарынан төртінші жыл өткізіліп отырған іс-шараға бей-жай қарамайтын, нақтылықты жаны қалайтын ҚазҰУ студенттерінің өзін-өзі басқару ұйымдарының жетекшісі Жұлдыз Сүлейменова «Студент болу – сондай бақыт»

деп алғы сөзін астарлай отырып, марапаттау рәсімін бастап та жіберді.

Сонымен, ҚазҰУ-дың суперстуденттері кімдер дегенге келсек. Үш күнге созылған байқаудың үшінші орынның филология факультетінің студенті Ертай Сұлтан мен халықаралық қатынастар факультетінің студенті Қаракөз Жұмабекова өзара бөлісті. Екінші орын иегері болып, география факультетінің студенті Абзал Баубеков танылды. Ал Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Суперстуденті» атағын қанжығасына химия факультетінің студенті Зарина Ғабдулахитова байлады. Бір үміт пен қуаныш аясында білімімен дараланған Зарина құрбымыз біліктілігін танытуда жанын жасытпай, суырылып шыққан дарабоз тұлпар екенін дәлелдеді. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» демекші, төрт атына заты сай әріптесіміздің жеңісіне риза кейіппен ыстық ықыласымызды білдіріп, төрт құбыламыз теңесе қуанышпен тарқастық.

Жанат
КАСЫМБЕКОВА

АҒАМЫЗ АЛПЫС ЖАСТА

Ұстаз, ақылшы және жанашыр ағамыз, бір бойында еңбекқорлық пен талапшылдық қасиеттері тоғысқан ірі тұлға – Ғабитов Тұрсын Хафизұлы туралы, әрине бір парақ бетіне сыйғызып, бір сәтте айтып жеткізу мүмкін емес. Әйтсе де «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп халқымыз айтқандай, ұстазымыз жайында сөз қозғау – парызымыз. «Мың қадам бір қадамнан басталады» дегендей, филолог-мәдениеттанушы Тұрсын Хафизұлы – қазақ мәдениетін ең алғаш мәдениеттану ғылымы тұрғысынан қарастырған ғалым. «Ел боламын десең, өткеніңді таразыла», демек, қазіргі таңдағы туындап жатқан мәселелердің тарихи-мәдени түп тамырын қарастырмай болашаққа жоспар жасау қиынға соғары анық. Мұны дер кезінде аңдаған мәдениеттанушы, профессор Тұрсын Хафизұлының қазақ мәдениеттану ғылымын зерттеу әдістерінің тұжырымдарын жасап, кейінгі толқынға жол ашуы ерлік десек артық айтқандық емес.

Тұрсын Хафизұлы Ғабитовтың: «XX ғасырдың аяғында мәдениеттер диалогы өрісінен тыс қалған оқшау, таза «реликтілік» этномәдениетті кездестіру қиынға соғады» деген ойы ғылым жолына қадам басқан маған бағыт-бағдар болды десем де болады. Расында да, дәстүрлер мен инновациялардың ара-қатынасын зерттеудің тек философиялық-мәдениеттанулық маңызы емес, сонымен бірге, бұл мәселенің қазіргі кезде Қазақстан Республикасы үшін бағдарламалық маңызы өте зор.

Дәстүрлі құндылықтар жүйесі (мысалы, социалистік құндылықтар жүйесі)

дағдарысқа ұшыраған кезде: «Біз қайда баруымыз керек?», «Қандай мұраларды жаңғыртуымыз қажет?», «Дәстүрлерді заман талабымен қалай үйлестіру керек?» сияқты сұрақтар туатындығы заңды. Осы сауалдарға жауапты нақтылы тарих пен уақыт шеңберінен іздеу керек. Сол себепті, қазіргі кезде қазақ халқы үшін өз мәдениетін сақтай отырып, әлемдік өркениетті игерумен қатар сұхбаттастыққа түсу кезек күттірмес мәселе. Мұны іске асыру БАҚ-қа тікелей қатысты, демек медиамәдениетпен де тығыз байланысты. Философ-мәдениеттанушы ұстазымыздың докторлық

жұмысында көрсетілген ой-толғамдарға сүйене отырып айтар болсақ: «Мәдениет – ашық жүйе, оның негізгі мақсаты – өзін басқаға жеткізу, ол монологқа қарағанда, диалогқа, сұхбаттасуға жақын. Сондықтан мәдениет философиясында өзін-өзі тарату алдыңғы қатарға шығады және бұл жерде осы мәдениетті тарату құралдары (таңбалар, рәміздер, ғибадаттық әдет-ғұрыптар және т. б.) мен оның ішкі мән-мағынасы (менталитеті, ділі, діні, санасы және т. б.) бірдей қызмет атқарады». Демек ақпаратты баяу тарататын кітап, газет және т. б. баспалық мәдениетке қарағанда электрондық коммуникациялық құралдар өркениетті сұхбаттастыққа өтудің негізгі құралына айналғандығы сөзсіз.

Сөзімді Тұрсын Хафизұлының, мәдениетіміздің өшпей дамуына себепкер болатын, мәдени механизаторлық рухани дүниеміз, әрі мұрамыз бодатынын мына бір тұжырымдармен аяқтағым келіп отыр: «... балалар мен жасөспірімдердің мәдени қалыптасуын арзанқолды бұқаралық мәдениеттің зиянды үлгілерінен арашалап, оларды дүниежүзілік өркениеттің, соның ішінде ғасырлар бойы қалыптасқан өзіміздің төл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасымен таныстыра отырып өнерге баулу», яғни медиамәдениеттік ұстанымдарымыз мен бағы-

тымызды айқындауда «...жоғарғы абстракттылы философиялық категорияларды сан алуан көркемдік иірімдерге, тарихтың талай бұралаң иіндеріне толы шексіз ұлттық және адамзаттық мәдениет әлемімен түйістіре білу» - біз үшін өз мәдениетімізді сақтай отырып, жаңғыртудағы негізгі және ұтымды ұстаным.

«Мұхтарды Мұхтар қылған Абай» дегендей, ұстазымыз Тұрсын Хафизұлының ізденістері мен еңбектері алда көптеген ғалым азаматтардың қалыптасуына себепкер және бастау бола беретініне толық сенімдіміз.

Еркін МАСАНОВ,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия тарихы және мәдениеттану кафедрасының магистранты

Ғалым Ғабитов Тұрсын Хафизұлы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалімен және Түркияның мемлекеттік министрі Мехмет Айданның арнайы дипломымен марапатталды. Осы қуанышына ортақтаса отырып, шын жүректен құттықтаймыз!

Өнеге

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жайлы сөз болғанда, әсіресе университеттің бүгінгі келбетіне мән беретін болсақ, академик, қоғам қайраткері, талантты ректор Өмірбек Жолдасбеков көз алдымызға келеді. Ал филология саласында биязы мінезімен, көрікті келбетімен, аса ізденімпаз қызметімен өз шәкірттеріне аяулы ұстаз болған ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мая Бағызбаеваны ұмыту мүмкін емес. Міне, осындай ата-ананың перзенті, ғалымдар отбасында өскен Баян Өмірбекқызының ғалым болмауы мүмкін емес еді. Баян Жолдасбекованың зерттеу тақырыбы – көп ұлт өкілдері қоныс тепкен қазақ жерінің қадір-қасиетін байқаған орыс жазушыларының көзқарасындағы қазақстандық ерекшеліктер болатын.

Қазақстан тарихында ХХ ғасыр қазақ жерінде кеңестік дәуірдің келуі, дамуы, қалыптасуы және аяқталуымен ерекшеленеді. Тарих үшін бұл ұзақ кезең болмаса да Қазақстан мәдениетіне елеулі үлес қосқан дәуір болды.

Б.Ө. Жолдасбекованың зерттеу жұмысының өзегі осы құбылысқа арналған, соның ішінде орыстың кеңестік дәуір жазушылары Н.Анов, Д.Сне-

АТА-АНА ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН



гин, В.Иванов, Ю.Домбровский, И.Щеголихин шығармаларының көркемдік ерекшелігі және тақырып мазмұнындағы қазақ елінің әлеуметтік, мәдени, рухани қасиеттерін ашып көрсеткендігін дәлелдеген. Сондай-ақ, автор жоғарыда аттары аталған орыс қаламгерлерінің шығармалары қаламдас қазақ жазушыларының көтерген мәселелерімен үндес екеніне

тоқталған. Қазақстан жазушыларының кеңестік әдебиетпен тығыз шығармашылық қарым-қатынаста болғандығын, сюжет құрудағы бірлік пен жеке кейіпкерлерді сомдауда ұлттық даралықты таныта білгендігі жұмыста айқын байқалады. Әсіресе жұмыстың төртінші тарауында қазақ халқының тұңғыш ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің өмірі

мен ағартушылық қызметінің өн бойындағы талас-тартыс, Ресей өкіметі чиновниктерінің қытымыр саясаты, өз елінің оқу-жазу, білімге деген шабандығы жазушы М.Симашконың «Қоңырау» («Колокол») романында ерекше бейнеленгендігі зерттеу жұмысында жан-жақты талданған. Бұл романға риза болған халық жазушысы Ө.Нұрпейісов пен жазушы Г.Бельгердің М.Симашконы «данагөй мұғалім» («Мудрый мугалим») деп бағалауы Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық арманын, ұстаздық қасиетін, ұстаздық шеберлігін жазған шығармалары арқылы да, еткен еңбегі арқылы да көрсете білгендігі еді.

Сондай-ақ Д.Снегиннің Тоқаш Бокин, ауыл қазағы Естай Асылбеков бейнелерінен қазақ ұлтының мінез-құлқын, дүниетанымын және кеңестік дәуір қағидаларына деген мызғымас сенімін, саяси көзқарасындағы тұрақтылықты сипаттауы зерттеу жұмысында автордың сюжет құраудағы шеберлігі екеніне арнайы талдау жасалған.

Б.Жолдасбекова Н.Ановтың «Азия» романының сюжетін талдағанда автордың Н.Лесков стилінде жазатындығын, яғни Н.Лесковтың тыңдаушысын ешбір жалықтырмайтын әңгімелері мен ертегілеріндегі жазу шеберлігін Н.Ановтың еркін меңгерген-

дігіне назар аударады. Бұл әрине жалпы халыққа, оның үлкені мен кішісіне дейін жете алатын, жалықпай оқи алуға мүмкіндік тудыратын және қазақтардың өмірі мен тұрмысын бейнелейтін айрықша шығармалар екеніне тоқталу еді.

Б. Жолдасбекова зерттеуінде Қазақстанның кеңестік дәуір әдебиетінің байлығы, тереңдігі және қай ұлттық болса да ірі жазушыларының республика мәдениетін, әдебиетін көтерудегі қайталанбас еңбегі екені жан-жақты талданған, дәлелденген, нақты тұжырымдар жасалған.

«Жақсыда жаттық жоқ» - дейді дана халқымыз. Жоғарыда аттары аталған, өз елімізде өмір сүрген, ерекше шығармалар қалдырған орыстың ірі жазушыларының еңбектерін нысан етіп алуы Баян Өмірбекқызының бойы сол бір Қазақстандағы орыс тілді сөз зергерлеріне деген ізгі адамгершілік және ғылыми көрегендік қасиеті болар.

Міне, университетіміздің филология факультетін тағы бір ғылым докторымен толықтырып отырған және ата-ана қалдырған сара жолды жалғастырып келе жатқан Баян Өмірбекқызы Жолдасбековаға «Сәт сапар!» демекпін.

Т.САЙРАМБАЕВ
Филология ғылымдарының докторы, профессор



■ Конференция

АЛЬ-ФАРАБИ – АБАЙ: ПРОБЛЕМА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ

Аль-Фараби и Абай – родоначальники и ключевые фигуры духовной культуры казахского народа. Проблема преемственности поколений обретает особую актуальность в период, когда необходимо не теряя этнокультурную идентичность, обеспечить устойчивое развитие и модернизацию страны в контексте глобализации. Осмысление творческого наследия Аль-Фараби и Абай в соответствии с «вызовами» современности есть креативная почва для формирования общенациональной идеи, для выработки иерархии ценностей современного цивилизованного казахстанского общества, для воспитания подрастающего поколения в духе патриотизма, для укрепления межкультурного и междивизиационного диалога. Этим и другим вопросам современного социогуманитарного знания была посвящена организованная факультетом философии и политологии КазНУ имени аль-Фараби международная научная конференция «Аль-Фараби – Абай: проблема преемственности», прошедшая 9-10 ноября в Доме Дружбы. Инициатором проведения столь значительного в научном кругу Казахстана мероприятия выступили ректор КазНУ имени аль-Фараби, д.физ.-мат.н., профессор Т.А. Кожамкулов, декан факультета философии и политологии, д.соц.н., профессор З.К.Шаукенова, заведующая кафедрой философии и методологии науки, д.филос.н., профессор Н.Ж. Байтенова.



В работе конференции приняли участие приглашенные гости из разных стран: Чрезвычайный и Полномочный Посол Арабской Республики Египет в Республике Казахстан - Абд аль-Маужуд Хабаша, Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Узбекистан в Республике Казахстан - Т.С. Бутаяров, генеральный директор культурного представительства Саудовской Аравии в РК - доктор Мохаммед Уамед, руководитель культурного центра Исламской Республики Иран - доктор Сафархани, доктор филологических наук, профессор, ректор университета египетской исламской культуры Нур-Мубарак - академик Махмуд Фахми Хижаз, президент международного общественного фонда «Диалог Евразия» - Али Челекбаш, доктор философских наук, декан университета египетской исламской культуры Нур-Мубарак - профессор Мухаммед Махфуз, профессора университета египетской исламской культуры Нур-Мубарак - Рида Дакики, Махмуд Фуад, Ата Сынбати, профессора Каирского университета - академик Абд аль-Хаким Гуними Ради и доктор Махмуд Абдул Хафиз.

Открыл работу конференции проректор по научной работе КазНУ имени аль-Фараби доктор физико-математических наук, профессор, А.И. Купчишин. После приветственного слова декана факультета философии и политологии, д.соц.н., профессора З.К.Шаукеновой с пожеланиями плодотворной работы, были заслушаны пленарные выступления по основным направлениям конференции, охватившие следующие аспекты: аль-Фараби как основоположник исламской философии; место Абая в казахской философии; социально-политические взгляды аль-Фараби, Абая и современные цивили-

зационные процессы; этико-эстетические и психологические концепции аль-Фараби и Абая; преемственность поколений и культурное наследие.

В работе научного форума также приняли участие известный культуролог, директор института культурной политики и искусствознания - Ауезхан Кодар, доктор педагогических и психологических наук - профессор К.Б. Жарикбаев, зав. отд. философии и эстетики института философии и политологии МОН РК, д.филос.н. - профессор Н.Ж. Байтенова, зав. отд. фарабиеведения института философии и политологии МОН РК, кандидат философских наук - Г.К. Курмангалиева, СНС отдела философии и эстетики института философии и политологии, кандидат философских наук - Г.Г. Барлыбаева, д.филос.н. А.Т. Кулсариева.

Подводя итоги конференции, организованной усилиями кафедры философии и методологии науки, заведующая кафедрой, д.филос.н., профессор Н.Ж. Байтенова выразила пожелание проводить данную конференцию с определенной периодичностью.

БАЙТЕНОВА Н.Ж. – заведующая кафедрой философии и методологии науки, д.филос.н., профессор
МЕЙРБАЕВ Б.Б. – старший преподаватель кафедры философии и методологии науки

■ Дайджест

СМИ: новости о КазНУ увидят в СНГ и дальнем зарубежье

Предваряя обзор казахстанской прессы, отметим, что в ноябре новостные материалы и сюжеты о КазНУ в СМИ были посвящены учебно-образовательной, научной и общественной деятельности университета. И самое важное, что СМИ говорят о нас не только в Казахстане, но на территории СНГ и дальнем зарубежье.

9 ноября на факультете философии и политологии под председательством проректора КазНУ Гульназ Ахметовой состоялось второе в этом году заседание секции гуманитарных и естественно-научных специальностей Республиканского учебно-методического совета Министерства науки и образования РК. Освещали это событие «Казахское радио» и информационное агентство «Казинформ» (09.11.2007 г.).

В этот же день в Доме при-

емов прошла Международная научно-практическая конференция «Аль-Фараби – Абай: проблемы преемственности». Тема конференции вызвала хороший резонанс в СМИ: «Казинформ», «Казахское радио»; телеканалы «Казахстан», CASPIONET, «Алматы», «Астана», газеты «Казахстан – ZAMAN», «Президент және халық», «Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы» (09.11.2007 г.).

14 ноября в Зале ученого совета состоялось торжественное вручение 25 лучшим студентам нашего университета стипендий Фонда им. Т. Дж. Пака, учрежденного компанией POSKO (Южная Корея). О визите южнокорейской делегации, прибывшей с этой специальной миссией, сообщили «Казахское радио» и информационное агентство «Казинформ» (14.11.2007 г.). Репортаж

об этом событии с интервью первого проректора Зулхаира Мансурова и профессора Германа Кима спутниковый канал CASPIONET показал в очередном выпуске своего тележурнала, приуроченном к международному Дню студентов (19.11.2007 г.).

22 ноября на историческом факультете в очередной раз прошли ежегодные Бекмахановские чтения – «Отечественная и мировая история в XXI веке: общность и особенности научных парадигм». На освещение этого события были приглашены «Казахское радио», «Казинформ», телеканалы «Алматы» и «Астана» (22.11.2007 г.).

23 ноября состоялась давно ожидаемое и, пожалуй, самое яркое событие в студенческой жизни университета – премьера нового студенческого спек-

такля «(Т)ОЙ!». На этот раз премьера новой студенческой постановки привлекла внимание СМИ, транслирующих на территорию СНГ и дальнего зарубежья, – это телеканалы «МИР» и CASPIONET. Материал об этом спектакле готовит в одну из своих рубрик и газета «Комсомольская правда».

В ноябре факультет философии и политологии также отметил юбилей двух известных ученых.

Состоялось торжественное заседание Ученого совета факультета, посвященное 75-летию доктора философских наук, профессора М.С. Аженова. Его научной и педагогической деятельности были посвящены статьи в газетах «Казахстанская правда» (15.11.2007 г.) и «Вечерний Алматы» (15.11.2007 г.).



23 ноября на факультете философии и политологии состоялся «круглый стол» «Традиции и инновации в казахской культуре», посвященный 60-летию со дня рождения и 35-летию научно-педагогической деятельности доктора философских наук, профессора Т.Х. Габитова. О работе «круглого стола» рассказали «Казинформ», «Казахское радио», национальный канал «Казахстан». О юбилеаре опубликованы статьи в еженедельнике «Дождивем до понедельника» (23.11.2007 г.) и историко-этнографической и общественной газете «Ұлы дала тынысы» (13.11.2007 г.), а также готовится материал в газете «Деловая неделя».

Обзор подготовлен пресс-службой университета



Кафедра

БАСЫҢА БАҚЫТ ҚОНСЫН ДЕСЕҢ...

**«Адамның басына
қонған бақтың
тұрақты болуы
жақсы мінез-
құлыққа
байланысты»
(Әбу Насыр Әл-Фараби)**

Бабаларымыз о бастан «Егер есті адам қатарында болғын келсе, күніне бір мәрте, болмаса айында бір өмірді қалай өткізгенің жайында ойыңа алып, өзіңмен өзін есеп айырысып отыру – адамшылық парызың» деген. Қайда барып, қандай биікке жетсең де, ең алдымен адам болып қалыптасу зор абырой. Ал бұл абыройды атқа ие болу өркімнің қолынан келе бермейді. Осы орайда адамдығыңды сақтап қалар ауадай қажет рухани игілік – әдептілік пен адамгершілік екені сөзсіз. Яғни адам ең алдымен адамгершілігімен, парасатының биіктігімен және әдебімен көрікті. Әдептілік адам бойына бірден біте қалмайды. Ол – уақыттың, қоғамдағы игі әсерлердің, тәрбиенің жемісі.

Дүниеге келген адамның барлығы бақытты болғысы келеді. Бірақ бақытқа жетудің жолдарын біле бермейді не іздемейді. Содан болар бақыт сыртқы жағдайларға емес, адамның ішкі дүниесіне, рухани байлығына, адал ниетіне, жақсы ойына байланысты екенін көбінесе ескере бермейді. «Жақсы тілек – жарым ырыс» деген емес пе қазақ. У.Шекспир: «Жақсы, жаман деген ештеңе жоқ. Оны солай ететін – адамның түсінуі» дейді. Барлық табыс адамның жақсылыққа қызығуынан, қамқорлығынан, талпынысынан басталады. Жақсылық жақсы мінез, адамгершілік қасиеттерден құралады. Бойында ізгілік жоқ, дүниеқорлыққа мастанған адамдар ел іргесін бүтіндеп жарытпайды. Жүсіп Баласағұнша айтсақ, «Кісіге екі дүниеде бірдей ізгілік іс пен өзіз мінез, әділдік, ұят болуы керек. Адам осы үшеуі арқылы бақыт табады». Ендеше, осы асыл қасиеттер әр адам бойынан табылатын болса, оған бақ та, бақыт та қонады демекші.

**Айнұр ЖҮМӘДІЛОВА,
журналистика факультетінің
3-курс студенті**

Салауаттылық

«Заман Біздікі»

22-қараша күні Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Руханият» орталығында Әлеуметтік бөлім мен «БІЗ» студенттер шығармалық ұжымының ұйымдастыруымен «Заман Біздікі» атты факультетаралық форум өтті. Бұл форумның мақсаты – нашақорлық пен ВИЧ/СПИД-ке қарсы күресу жолдарын қарастыру. Форумға университеттің 13 факультеті мемлекет болып қатысып, өз туын, делегат мүшелерін ала келді.

философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті Мадина Усымбекова: «Бұл індетпен күресуді бала бақшадан бастаған жөн. Бүлдіршіндерге ойын арқылы салауатты өмір салтын насихаттау керек. Бұқаралық ақпарат құралдарында нашақорлыққа қарсы мультфильмдер, роликтер көп-

денті Мадина Жәнісованың: «Есірткімен күрес жолдарын түнгі клубтардан бастау керек» деген тұжырымы көрермен көңілінен шықты.

Форумға қалалық нарколог-дәрігер, қалалық ВИЧ/СПИД орталығының маманы, ҚазҰУ денсаулық пунктінің меңгерушісі қатысып, баяндамашылардың ұсыныстарына оң баға берді. Көрермен көкейіндегі сауалдарға жауап қатып, бұл ұсыныстарды жүзеге асуына өз үлестерін қосатындықтарын да жеткізді. Қалалық ВИЧ/СПИД орталығының маманы А.М.Жандыбаева: «Еліміздегі беделді университеттердің бірі ҚазҰУ қашан да қоғамдық мәселені дәл тауып, өз уақытында қолға алады. Сіздердегі оқытушылар мен студенттер қауымы тек салауатты өмір салтын қолдайтын, нағыз патриот жандар. Осындай маңызды форум өткізіп мамандармен арнайы кездесу жасап отырғандарыңыз үшін алғыс айтқым келеді»- деп еліміздің ертені үшін еңбек етіп жатқан ҚазҰУ ұжымына ыстық ықыласын жеткізді.

Форум соңында студенттер арасында «Салауатты өмір салты» тақырыбы шеңберінде өткен қабырға газеттері көрмесіне баға беріліп, әлеуметтік бөлім меңгерушісі Роза Садыққызы жеңімпаздарды марапаттады. Көрме қорытындысы бойынша, 1-орынды философия және саясаттану факультеті жеңіп алса, 2-орын филология факультетіне, ал 3-орын биология факультетіне бұйырды.

Филология факультетінің 1-курс студенті Мадина Кенжеғұловның «Нашақорлық – ғасырдың індеті» деген авторлық өлеңі салауатты өмір салтын насихаттаған факультетаралық форум тақырыбын түйіндей түсті. Форум көрермен көкейіне ой салып, нашақорлықпен күрес жолдарының күшеюіне өз үлесін қосар деген сенімдеміз.

**Саяғұл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ,
3-курс студенті,
журналистика факультеті
Студенттер кеңесінің
төрайымы**



Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» жолдауында:

«Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және т.с.с. бағытталған» деп көрсеткен еді. Бұл салауаттылықты насихаттауға бағытталған бірден-бір тапсырма десек те болады. Осы мақсатта ұйымдастырылған ҚазҰУ-дағы нашақорлыққа қарсы форум ғасыр індеті жайындағы бейне таспаны көрермен назарына ұсынудан басталды.

Наркомания грек тілінен аударғанда «ессіз» деген ұғымды білдіреді. Бүгінде нашақорлық ессіздік пен бірге көлеңкелі бизнес көзіне айналып отыр. Сондықтан да тамыры тереңге

бойлап бара жатқан есірткімен күрес әлем алдында, соның ішінде Қазақстан мемлекеті үшін де қоғамдық өзекті, ең қауіпті әлеуметтік мәселе. Статистикалық мәліметтерге қарағанда Қазақстанда есірткіге шалдыққандар саны жыл сайын өсіп келеді. Ендеше ел боламыз десек, есті шығаратын есірткімен күресті ертеңге шегеруге болмайтыны анық. Форумда көрсетілген бейнетаспаның да ураны осындай еді.

Бүгінде жұдырықтай жұмылсақ та, нашақорлық кең қанат жайып отырғаны аян. Бұл мәселе ҚазҰУ студенттерін бейжай қалдырған емес. Осы орайда университеттің белсенді студенттері нашақорлықтың алдан алу шараларын жетілдіріп, бұл індеттің тамырына балта шабу үшін өз ұсыныстарын ортаға салды. Мәселен,

теп көрсетілсе. Мұндай шараларды жүзеге асыруға атсалысқан мекемелерге мемлекет тарапынан жағдай жасалынып, салық төлеуіне жеңілдік болса» деген ойын жеткізді. «Баланы жастан» деген халық даналығына сүйенер болсақ, бұл ұсынысты ескерген жөн.

Осы орайда айта кететіні, нашақорлыққа шалдыққандардың көпшілігі жастар екені белгілі. Өкінішке орай бүгінде театр, кітапхана және тағы басқа да мәдени ошақтарға қарағанда түнгі клуб есігін жиі ашатын жастар саны артуда. Мұндағы даңғазә әуен мен көк түтін жастарды жақсылыққа тәрбиелемейтіні шындық. «Жынға жын үйір» демекші, мұндай жерде есірткінің де қылан берері ақиқат. Осы жайттарды ескерген журналистика факультетінің 1-курс сту-

Алаштан қалған асыл сөз

ҚАЗАК ЖАСТАРЫНА

Басқа жұрттың жастарына қарасақ бәрі де өнерпаз болып, түрлі-түрлі пайдалы істер істеп, заманның төріне қарай бірінен-бірі қалмай білімін асыруға тырысып жатыр. Жұртта білім болса, байлық, құрмет, барша рахат та табылмақшы. Егерде білім, өнер жоқ болса, дүниедегі кеңшіліктің бәрінен де құр қалып, көрінгенге жем болып, шөліркеп, азып-тозып, бітпекші. «Баста ақыл жоқ болса, аяққа күш түседі» дегеннің мағынасы осы. Халықты қатарға кіргізетін, заманның амалына түсіп

жол көргізетін жаңа талап, талпынған өр жігіт, жастар болса керек еді. Бірақ қазақтың оқып шыққан мырзалары ондай амалды талап етіп ілгері ұмтылғандыры бек аз көрінеді. Қазақтың қазақ болып, жоғары орындарға бара беріп, доктор, адвокат һәм кәкім болып жүргендері жоқ емес. Бірақ бүгінге шейін қазақтан пәленше ғалым адам шығып, қара қазаққа пайда келтіріп жүр дегенді ешкімнен естігеніміз жоқ. Гимназия, мектептерде һәм университетте оқып жүргенде баршамыз да құр

тілмен жұртқа пайда келтірмейміз. Қараңғыда қармалып жүрген жұртты қолынан ұстап жарыққа шығарып, өлдеқандай іс істемекшіміз. Бірақ оқып бітіріп шыққан сон оның бәрі де ұмыт болады. Бір жерге хакім болу қамына түсіп, еліміздің қай жақта жүргенін де білмейтін боламыз. Біріміздің айтқанымызды біріміз тыңдап, дұрыс болса жөн деп, кенесіп тұрмағандығымыздан жұртқа пайдамыз тиіп басшы бола алмаймыз. Қанша оқу оқып, ел аралап, жер кезіп, басқа жұрттың

әдебиетін үйреніп, әдептік істеп жүрсек те бірқатарымыздың пайдамыз қалмайды. Біздің қазақтың ілгері орындарда оқып шыққан жігіттерінің және бір келіспеген ісі – қазақ ішінде тұрып қызмет етпей, басқа жұрттар арасында тұрғанды тәуір көреді. «Алыстан ар-балағанша, жақыннан дорбала» деген, ел ішінде хакім болып, не болмаса өзге жұмыспен тұрса да кімде-кім күнін көрер еді. Кел, мырзалар, жаңа талап жастар! Елімізге қызмет етелік, жұрт істегенді біз де істелік.

**«Қазақ» газеті, 1913жыл,
№4, 1-март**

**Есенғали ҚАСАБОЛАТОВ,
студент**



«Ақыл жастан, асыл тастан шығады». Демек, ел өркениетінің дамуына үлес қосар бірден-бір тұлға – студент. Білімгерлердің алмас қамалы, бағындырмас асуы кемде кем. Ұлағатты ұстаздан білім алып, университет қабырғасында тәрбиеленетін жастардың мақсаты да – «құлқынның емес, халықтың ұлы» болу. Елі үшін еңбек етіп, халқы үшін қызмет қылу – оқыған, көзі ашық азамат үшін басты міндет болса керек.

деген қызығушылығын арттырып, болашаққа бастар жауапкершілігін сезіндірмек.

Қазақстан Республикасында да «Студенттердің халықаралық күні» атаусыз қалған емес.

Қай заманда да білім көгіне қанат қағар жастар аз емес. Қоғам өзгерісі мен заман талабы сол елдің студенттері

жастары мен Тәуелсіз елдің студенттері қандай қасиеттерімен ерекшеленбек деген сауал туатыны сөзсіз.

Әрине «Кемедегінің жаны бір» дегендей білім кемесіндегі жастардың алға қойған арман-мақсаттары білім маржанын теріп, бойына ғылым жауһарын жинау. Басты бағыттары –

шетел жастарымен білім бөсекесінде бөйге алатын, заманауи технологияның құлағында ойнайтын, өзіндік көзқарасын еркін жеткізе алатын жағдайда. Елбасы саясатының ұлықтығымен ХХІ ғасыр ізденушілерінің ғылым кеңістігіне қанат қағар мүмкіндігі мол. Қазақстандық 3000 студент «Болашақ» бағдарламасы негізінде шетелден білім алып, қазақ елін әлемге танытпақ. Сондай-ақ бүгінгі студенттің «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызып» ақпаратпен жедел таныса алатын, танымдық деңгейі, ой-өрісі жоғары.

Бұл таңда студенттер қауымынан құралған «Жасыл ел», «Студенттер құрылыс жасағы» және тағы да басқа жастар ұйымы бар. Мұндай ұйымдар – еліміздегі студенттердің қоғамдағы өзіндік белсенділігінің тағы бір айғағы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2005 жылғы Жолдауында «Әрбір қазақстандықтың жоғары білім алуына нақтылы кепілдік беруіміз керек», – деген еді. Студенттер шәкіртақысының өсуі, жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік грант санының жыл санап артуы, оқу жүйесінің әлемдік стандартқа көшуі (кредиттік жүйе), БАҚ арқылы студент жастардың еркін пікір білдіріп, батыл ойларын айтуы студенттер үшін үлкен қолдау.

Студент – қоғам айнасы, келешектің кілті, болашақтың болмысы. Мемлекеттің дамуына өзінше үлес қосатын ерекше топ. «Болам деген бала он бесінде басын дейді, болмас үйдің баласы отызында жаспын дейді» деген халық мақалын ескерер болсақ, бүгінгі студенттер арасында жас та болса бас болып, қоғам қалыптасуына, мемлекет дамуына үлес қосып, ұлттың мерейін асқақтатып жүргендерге алғыстан өзге айтар сөз жоқ.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

17- қараша халықаралық СТУДЕНТТЕР КҮНІ

Бұл қағиданы терең зерделейтін білімгерлер елі үшін ерлік көрсетуден аянбақ емес. Оған тарих та дәлел. Өткенге көз жүгіртсек, 1939 жылдың 17- қарашасында чехословакиялық студенттер елінің бостандығы үшін алаңға шығып, фашистік басқыншыларға қарсы ерлік көрсеткені белгілі. Ел қамы дегенде қасықтай қанын аямаған жоғары оқу орындарының 1000-нан астам студенті, Студенттік одақтың жетекшілері, сонымен қатар университет оқытушылары концлагерге айдалды. «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» деген осы емес пе? Бұл қайғылы оқиғадан кейін 1941 жылдың 17-қарашасында халықаралық дегейде студенттер Лондонда ынтымақтыстық кездесу ұйымдастырып, чехословакиялық студенттердің көтерілісінде қаза тапқан жастарды еске алып, оларға ескерткіш орнатады. Ендігі тарихта мұндай өкініш жүрегімізді кернемесін деген ниетпен бұл күнді «Халықаралық студенттердің ынтымақтастық күні» деп атайды. Осыдан кейін қалыптаса келе 17-қараша «Халықаралық студенттердің күні» бо-



лып аталып, мерекеге айналды. Қазірде бұл күн студенттердің төл мерекесі. Мұндай мереке жас ізденушілердің мерейін асқақтатып, көңілін үстем қылмақ. Жастардың білімге

сырт айналып өтпесі белгілі, осыған орай әр заман студенттерінің өзіндік ұқсастығы мен қатар ерекшелігі, айырмашылығы да болмақ. Осы ретте Қазақстандағы Кеңес одағының

«Жеті жұрттың тілін біліп, жеті түрлі білім меңгеру». Десек те бүгінгі студент мен кешегі оқығандардың айырмасы жер мен көктей. Ал алаш зиялылары жөнінде сөз мүлдем басқа.

Кешегі жас қарадан шығып хан болып, әділеттің ақ туын биік көтерді. «Қаранғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болып» адастырмас жарық болды. «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты» деген үндеу тастап, маужыраған ұйқыдан оятты. «Артық білім кітапта» деп білім нәрімен сусындауға шақырды. «Өнер-білім барлығы оқуменен табылған» деп жастарды өнер-білімге бастады.

Сол бабалардың салған сара жолын, дана жолын «Ата өнері – балаға мұра» дегендей тәуелсіз елдің жастары жалғап келеді. Бірақ ағын судың тазарып, жанарып отыратынындай әр кезеңнің ұстанымы, айтар үні де өзгеріп отырмақ. Бүгінде шүкір, қазақ елі – сауатты, көзі ашық, дамыған ел. Өзге елдер қызыға қарайтын мәдениеті, өнері, әдебиеті бар тәуелсіз мемлекет. Бұл жетістіктерде студент жастардың үлесі аз емес.

Қазақстан студенттері –

Сауалнама

Бүгінгі студент НЕ ОЙЛАЙДЫ?



Айкөркем Ержанқызы, механика-математика факультетінің 3-курс студенті

Оқу ғимараты мен жатақхана арасында өтіп жатқан сәтті өмірдің бәрі студентке ғана тән. Осы өмірдің қиыны мен қызығын арқалап жүрген студенттердің арманы біреу-ақ, ол – алға қойған мақсатқа жету. Ал бізде мақсатқа жету үшін қаншалықты жағдай жасалған? Әрине ата-анамыздың студенттік өмірімен салыстырғанда бізде барлығы өзгеше. Бұған дәлел жатақхана, университеттердегі заман талабына сай жасалған жағдайлар. Ал біздер студенттер заманауи технологияларды пайдаланып жатырмыз ба? Кредиттік жүйеде оқығанымызбен неге сабақтар интернет бойынша желіге қосылып өткізілмейді? Неліктен оқытушылармен интернет арқылы байланыс жасамасқа? Шетелдік оқытушылармен де пән бойынша интернет желісі арқылы дәріс ал-

сақ нұр үстіне нұр болар еді. Бірақ «Көш жүре түзеледі» демей ме? Сапалы білім беріп, санамызға ғылым нәрін шашқан оқытушылар барда барлығы да өзгерер.



Жанерке ЕЛЕМЕСОВА, химия факультетінің 1-курс студенті

– Әрине, әр студенттің заманға сай өз ой-пікірі бар емес пе?! Мені ойландыратын, толғандыратын күрделілік – Отаным Қазақстанның болашағы, ұлтымыз бен дініміздің көкейтесті мәселелері.

Мен биыл химия факультетінің 1-курс студентімін. Мамандығым – химия зерттеушісі. Келешекте ҚазҰУ-ды үздік тәмамдап, білікті маман болсам деймін. Осы жолда Қазақстанның гүлденуіне, көркеюіне, дамуына өз үлесімді қосып, халқым үшін адал еңбек етуді мақсат етемін. ХХІ ғасырдың әрбір Қазақстан азаматы еліміздің дамуына бір кісідей ат салысса, дамыған 50

елдің қатарынан ойып тұрып өз орнымызды аларымыз анық. Жас ұрпақ, Тәуелсіз елдің болашағы біздер емесіміз пе?! Ендеше, еліміз үшін аянбай еңбек етейік.



Лаура АЙТАМАНОВА, экономика және бизнес факультетінің 2-курс студенті

– Әрбір адамның ойы, мінез-құлқы әр жаста әр түрлі болары анық. Менің бүгінгі ой-пікірім, өмірге деген көзқарасым оқушы кездердегіден өзгеше. Мектеп қабырғасында жүргенде мен үшін бәрі оңай, жеңіл болатын. Ал студент болып, көмелет жасқа толған соң өмірге жеке тұлға ретінде қадам жасайсың. Мойнына біршама жауапкершілік жүктеледі. Сондықтан да қоғамдағы жайттар, өзгерістерді ой сүзгісінен өткізесің. Сол себепті бүгінгі студентті саясат, экономика, әлеуметтік ойлар ғана емес, тіпті сессияны тапсыру, СӨЖ жазу, жатақханаға орналасу сияқты түрлі ойлар көп мазалайды.

Студент дәптерінен

Студент деген кім?

Абитуриент – екі көзі жәудіреген еліктің лағы.

Студент – ақшасы аз, жаңалық десе, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін, соңғы үлгімен киінетін, жаңа әуендерді сүйіп тыңдайтын, сүтқоректілердің ең тәуірі.

Студент – аз ұйықтап, көп қыдыратын, махаббат майданының қас ортасында жүретін жас жауынгер.

Студент – жақсыны да, жаманды да тез қабылдайтын, темпераментті, тегеурінді тұлға.

Студент – мемлекеттің тамақ ресурстарын үнемдейтін ең пайдалы жан.

Студент – барға қанағат, жоққа салауат қылатын екі аяқтылардың ең көңілдісі.

Студент – қанша қиындық көрсе де арықтығын білдірмес бөрі.

Студенттік өмір – жастық пен егелік арасындағы шыбынсыз жаз.

Студент жігіт – анау-мынауы менсінбейтін, реті

келсе «осы сен кімсің?» дейтін азамат.

Студент қыз – ішкі сырды білдірмейтін, көрінгенге ілінбейтін, қанаты қысқа қарлығаш.

Оқытушы – студенттің оңынан да, солынан да соққан жел іспеттес, әсіресе сессия кезінде теріскейге шығып алып бет қарапайды.

Аудитория – асықпай түрлі ойға шоматын, реті келсе мызғып та алатын жайлы орын.

Семинар – «Шықпа, жаным шықпа».

Жазғы сессия – жаппай жанталасу, жаныңды шүберекке түйетін кез.

Кітап – көпшілік қолға ұстай бермейтін мүлік.

Саябақ – шөбі шүйгін, жері бай мал жайылымына ұқсайтын студенттер көп келетін серуен орны.

Кинотеатр – ХХ ғасырдан қалған көне ескерткіш мұра.

Демалыс – алтын уақытыңды аулаңда ғана өткізетін мезгіл.



Біздің тарих

ХИМИЯ ФАКУЛЬТЕТІ – қара шаңырақ ҚазҰУ-дың құрдасы

1930-жылдардың басында елімізде химия өндірісі қарқынды дами бастады. Осыған орай химия саласының мамандарына деген сұраныс та арта түсті. Уақыт талабына сай ҚазМУ-да 1934 жылы химия факультетінің негізі қаланды және осы жылдан бастап химия саласының мамандары мен мұғалімдерін даярлау жүзеге асты. Факультеттің тұңғыш деканы болып профессор В.И. Мазуренко тағайындалды.

Сонымен қатар 1937 жылы химия факультеті жанынан өндіріс мамандарын даярлайтын химико-технологиялық бөлім ашылды. Мамандар Мәскеудегі Д.И. Менделеев атындағы химия институтына барып, білімін жетілдіріп, тәжірибе алмасып, курстарға қатысып отырды. 1938 жылы факультетте Ғылыми кеңес, студенттердің ғылыми үйірмесі құрылды. 1939 жылы факультеттің тұңғыш түлектеріне жолдама берді. Жас мамандарға дәріс беріп, ғылымның қыр-сырын танытқан химия ғылымының профессорлары А.Б.Бектұров, Б.А.Бірімжанов, М.Т.Козлов, Т.К.Чумбалов және Ж.Н.Әзербайев факультеттің алғашқы оқытушылары қатарын құрады. Осы жылдары университет проректоры Д.В.Сокольский және аталған факультеттің деканы А.И. Шлыгин химия саласы бойынша докторлық диссертацияларын қорғады. Сондай-ақ бастапқы жылдары факультетте 6 кафедра жұмыс жасап, 4 доктор, профессор, 2 кандидат доцент қызмет етті. 1981 жылы университеттің жоғары тәжірибесі негізінде ҚазМУ-дың оқу-әдістеме бағдарламасында “Химия-2018” мамандығы ашылды. 1986-88 жылдары химия ғылымдарының докторы, профессор Еділ Ерғожаев қара шаңыраққа ректор болып тағайындалып, басшылық жасады.

Тарихы сонау 1930 жылдардан бастау алатын химия факультетінде бүгінде 7 кафедра жұмыс жасайды. Олар аналитикалық химия және сирек металдар химиясы, бейорганикалық, органикалық химия және табиғи қосылыстар химиясы, химиялық физика және электрохимия, жалпы химия және химиялық экология, катализ, колойдтық химия және мұнай химиясы, химиялық физика және жоғары молекулалар қосылыстарының

химиясы, химиялық технология, сараптама және мұнай химиясы бойынша мамандар даярлайды. Бұған қоса факультетте Химиялық технология және материалдардың ғылыми зерттеу институты, Жану проблемалары анализінің физика-химиялық әдістері орталығы сияқты екі ғылыми зерттеу институттары бар. Химия ғылымының тереңіне бойлаған ізденушілерге университетте жағдай жасалған. Мәселен факультет НАТО, МАГАТЭ, CRDF, ИНТАС тәрізді халықаралық қордың ғылыми жобасына қатысып, бірнеше грантты жеңіп алды. Бұл жобалар ізденушілер мен білімгерлерге ғылыми жол ашып, факультеттің материалдық базасын кеңейтіп, университет студенттерінің шетел оқу орындарында тәжірибе алмасу, білімін жетілдіруіне үлес қосады. Сондай жеңімпаз ғалымдар Б.Я.Колесников, З.М.Мансұров, А.А.Сағындықов (1991 ж), Н.Н.Нұрахметов (2001 ж) және т.б. оқытушылар “Ғылым және технология” бағдарламасы бойынша ҚР мемлекеттік сыйақысын иеленсе, 2002 жылы профессор З.А.Мансұров “Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйақымен” марапатталды. Сонымен қатар жас ізденушілер арасында Е.Оңғарбаев “Дарын” сыйлығын, В.Хуторянский ИНТАС-тың грантын жеңіп алды. Факультеттің аспиранты Н.Сұлтанов Пакистанның Карачи қаласында диссертациялық еңбегін жасады. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың құрдасы, химия факультеті еліміздің өндірістік дамуына өзінше үлес қосып келеді. Бұл факультеттің бағындырған белестері мен асулары ұшан теңіз.

(жалғасы келесі санда)

ҚазҰУ қыраны



Бауыржан Батиханұлы

ТУҒАН ЖЫЛЫ: 09.06.1987 жыл
ТУҒАН ЖЕРІ: Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Жас-Өркен ауылы
БІЛІМІ: Заң факультетінің 3-курс студенті
ЖЕТІСТІКТЕРІ:

2005 жыл Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының Алғыс хаты табыс етілген.
2006 жылы 28-29 сәуірде өткен Алматы заңгерлер атты дәстүрлі студенттік конференцияның жеңімпазы
2007 жылы заң факультетінде өткізілген “Сот реформаларының жетістіктері” атты халықаралық конференциясының жеңімпазы.

ҚЫЗМЕТІ:
2005-2006 оқу жылында заң факультетінің №18 жатақханасы студенттер кеңесінің төрағасы;
2005-2006 оқу жылында заң факультеті “Заңгер” тәртіп сақтау отрядының төрағасы;
2005-2006 оқу жылында Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың “Тәртіп сақтау жасағы” отрядының мүшесі, топ командирі;
2006 оқу жылынан бастап Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жоғарғы студенттер кеңесінің төрағасы;
«Жатақхана жұлдыздары», «Супер староста», «Супер студент» дәстүрлі түрде өтетін байқауларды, сонымен қатар өзге де игі шараларды ұйымдастыруға ат салысып жүрген белсенді әрі үлгілі студенттердің бірі.

ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: үйленбеген
БІЛЕТІН ТІЛДЕРІ: ана тілі – қазақ тілі, орыс тілі – еркін, ағылшын, неміс тілдері – сөздікпен
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ: Әдеби кітаптар мен ғылыми еңбектерді оқу, футбол, боулинг, стол теннисі.

ҚазҰУ қызғалдағы

Фотоэтиюд

МАМЫРЖАННЫҢ ФОТОСЫ

Ару қыздар – ай көрік,
қылығы күн,
Сезбейсіңдер өздерің
мұны бүгін.
Сезбейсіңдер керемет
қыз тағдырдың,
Сұлулығын, күн текті
ұйылығын.
Фарица ОҢҒАРСЫНОВА



Аида МУКАНОВА,
заң факультетінің
1-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Эл-Фараби атындағы Казак ұлттық университетінің ректораты

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ – ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ – проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП – декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА – “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
А.А. ШВЫДКО – ақпараттық-сараптамалық бөлімінің бастығы;
Ғ.СЕРІМ – студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ;
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;
Бөлім меңгерушілері – Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ, Уәли ҚЫДЫРОВ;
Кезекші редактор – Жанат ҚАСЫМБЕКОВА, Саягүл ӘЛІМБЕКОВА;
Көркемдеуші-беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;
Фототілші – МАМЫРЖАН;

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Эл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі, 55) басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазак университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.